

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы		46- ...
Силлабус		34 беттің 1 беті

Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус)
«Фармация» білім беру бағдарламасы

1.	Пән туралы жалпы мәліметтер:		
1.1	Пән кода: ВН-2202	1.6	Оқу жылы: 2023-2024
1.2	Пәннің атауы: «Биологиялық химия»	1.7	Курс: 2
1.3	Реквизитке дейінгі: бейорганикалық химия	1.8	Семестр: 3
1.4	Реквизитке кейінгі: фармакогнозия, фармацевтикалық химия, токсикологиялық химия.	1.9	Кредиттер саны (ECTS): 5
1.5	Цикл: БП	1.10	Компонент: ТК

2.	Пәннің сипаты:
Фармацевтика бағдарламасының білім алушыларына арналған биологиялық химия пәнінің негізгі мазмұны – биохимиялық процестерді молекулалық деңгейде оқып үйрену, оның негізінде тірі организмдердің тіршілігі, метаболизм ерекшеліктері және оның адам ағзасы мен тініндегі реттелуі; сондай - ақ, ауруларды диагностикалаудың биохимиялық принциптері және дәрілердің ферменттік айналымын құрайды. Қазіргі биохимия іргелі медициналық - биологиялық ғылым, өйткені, ол фармацевттің болашақ кәсіби қызметінде адам организмдегі қалыпты және патологиялы көрсеткіштерді сипаттау үшін қажет, молекулалық процестерді түсінуге, дәрілердің, улардың әсерлерін және фармакотерапияның принциптерін түсінуге мүмкіндік береді.	

3.	Жиынтық бағалау формасы		
3.1	Тестілеу ✓	3.5	Курстық жұмыс
3.2	Жазбаша	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	Тәжірибелік дағдыларды аттестаттау	3.8	

4.	Пәннің мақсаты:
білім алушыларда адам ағзалары мен ұлпаларында өтетін негізгі метаболизмдік процестердің молекулалық механизмдері мен реттелуі және олардың ерекшеліктері жөнінде біртұтас көзқарас қалыптастыру, алған білімдерін фармацевтің қызметінде ары қарай қолдануға үйрету.	

5.	Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН):		
ОН 1	Биоорганикалық қосылыстардың негізгі кластары: көмірсулар, липидтер, қарапайым және күрделі ақуыздар, витаминдер және т.б өкілдерінің құрылымы, қызметі және		

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы		46- ...
Силлабус		34 беттің 2 беті

	қасиеттері туралы білімдерін көрсетеді. Метаболизм процестерінің жүрісі мен реттелуінің молекулалық механизмдерін және олардың бұзылуының мүмкін салдарын түсінеді. Қалыпты және патологиялық жағдайдағы адам ағзасындағы биологиялық сұйықтықтардың негізгі биохимиялық констатналарын біледі. Организмдегі мүшелер мен ұлпалардың химиялық құрамы мен биологиялық функциялары, дәрілік заттардың метаболизмі туралы білімге ие.		
ОН 2	Адамның биологиялық сұйықтықтарындағы көмірсулар, липидтер және азот алмасуының метаболиттерін анықтау үшін биохимиялық зерттеулер жүргізеді; қан сарысуындағы арнайы ферменттердің белсенділігін анықтайды.		
ОН 3	Негізгі биохимиялық зерттеулердің нәтижелерін интерпретациялайды; биохимиялық процестердің бұзылу сипаттамаларын болжау және оларды биологиялық белсенді заттардың (витаминдер, ферменттер, гормондар) жетіспеушілігімен реттеу кезінде метаболизм карталарын, арнайы анықтамалық материалды қолданады.		
ОН 4	Биохимиялық зерттеулер жүргізу кезінде өзінің білімі мен іскерлігін; пәнді өз бетінше зерттеуде ғылыми мақалаларды әдеби іздестіру мен талдауды жүргізу қабілетін; топпен жұмыс істеуде қабілетін көрсетеді.		
5.1.	Пәннің ОН	Пәннің ОН байланысты БББ оқыту нәтижелері	
	ОН 1 ОН 2	ОН1	Қазақстан халқына фармацевтикалық көмекті ұйымдастыруда тәжірибе жүзінде білімі мен дағдыларын қолданады.
	ОН 3	ОН5	Дәрілік заттар, дәрілік өсімдік шикізаты, фармацевтикалық субстанциялар, стандартты үлгілер, қосымша заттар мен материалдардың сапасын бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын сақтайды.
	ОН 4	ОН8	Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру кезінде қолданыстағы нормативті-құқықтық құжаттарды басшылыққа алады және денсаулық сапасы мен денсаулық сақтау жүйесі қызметінің нәтижелерін жақсарту мақсатында дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету процестерін тиімді басқарады.

6.	Пән туралы толық ақпарат:					
6.1	Сағаттар саны	Дәріс	Тәж. саб	Зерт. саб	БООЖ	БӨЖ
		15	35	-	30	70

7. Оқытушылар туралы мәлімет					
№	Аты-жөні	Дәрежесі	Эл.мекен-жайы	Ғылыми бағыты	Жетістіктер
1.	Кенжебеков П.К.	х.ғ.к., профессор	kenzhebekov.p@gmail.com	«Исследование химического состава летучих аромато-образующих соединений в некоторых мясных продуктах».	42 ғылыми басылым, 1 оқулық

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы		46- ...
Силлабус		34 беттің 3 беті

2.	Аблаева З.Ю.	х.ғ.к., профессор м.а	zakhro.ablaeva@bk.ru	«Микроэлементоздар».	45 ғылыми басылым
3.	Ордабекова А.Б.	биология магистры аға оқытушы	asmira75@mail.ru	«Микроэлементозы».	18 научных публикаций
4.	Асилбекова Г.К.	биология магистры аға оқытушы	shahats@mail.ru	«Микроэлементоздар».	10 ғылыми басылым
5.	Бейсебаева Л.М.	аға оқытушы	lyzzatb70@list.ru	«Организация клинико- диагностической лабораторной службы в современных условиях в РК»	
6.	Жиенбаева А.А.	оқытушы	alia.zhienbaeva@mail.ru		1 ғылыми басылым

8. Тақырыптық жоспары:

Ап та/ кү ні	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пән нің ОН	Са ғ ат са ны	Оқыту техноло гиясының формасы / әдістері	Бағалау әдістері/ форма лары
1.	Дәріс: Биохимияға кіріспе. Ақуыздардың құрылысы мен функциясы.	Тірі жүйелердің құрылымдық ұйымдастығы және қасиеттері. Жасушаның құрылымдық- функционалды ұйымдысуы. Ақуыздардың құрылымдық ұйымдастығы, физико-химиялық қасиеттері және биологиялық функциялары.	ОН1	1		кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ: Ақуыздардың құрылысы мен функциялары. Ақуыздардың физика-химиялық қасиеттері. Ақуыздардың жіктелуі. Күрделі	Биологиялық химия пәні және оның міндеттері. Биохимиялық зерттеу әдістері. Аминқышқылдары: құрылысы, жіктелуі, қышқылды-негіздік қасиеті, аминқышқылдардың изоэлектрлік нүктесі. Ақуыздардың құрылымдық ұйымдасуы. Доменді ақуыздар. Ақуыздардың денатурациясы мен ренатурациясы. Ақуыздар амфотерлі макромолекулалар ретінде. Ақуыздардың буферлі, коллоидты	ОН1	2	шолу семинар, жағдайлық есептер	Чек парак

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы		46- ...
Силлабус		34 беттің 4 беті

	Акуыздар.	және осмостық қасиеттері. Акуыздардың гидратациясы, тұздау. Акуыздардың жіктелуі. Жай акуыздардың жіктелуі (гистондар, протоминдер, проламиндер, глютеминдер, альбуминдер, глобулиндер, протеноидтар). Күрделі акуыздар, өкілдеріне сипаттама және биологиялық ролі.				
	ОБӨЖ: Жай және күрделі Акуыздар.	Акуыздардың құрылымдық белгісіне қарай жіктелуі. Жай (альбуминдер, глобулиндер, протаминдер, проламиндер, гистондар және т.б.) және күрделі (хромопротеины, гликопротеины, липопротеины, фосфопротеины, металлопротеины, нуклеопротеины) Акуыздардың құрылысы мен функциялары. Биологиялық ролі. Эссе жазуға арналған тақырыптар: 1. https://youtu.be/PvhwSWYLgtE Акуыздар және оның биологиялық ролі 2. https://youtu.be/XREkWu-m-TE Акуыздардың ұйымдасуы деңгейі. Акуыздар функциясы. 3. https://youtu.be/VZHNI0rZHRg Аминқышқылдары	ОН4	6	презентация, эссе, глоссарий	Презентацияны сапалы дайындау мен қорғау деңгейін және эссе жазуын бағалау
2.	Дәріс: Ферменттер.	Ферменттердің құрылымдық ұйымдасуы, жіктелуі және биологиялық функциялары. Эсер ету механизмі және кинетикасы. Изоферменттер. Ферменттер белсенділігінің реттелуі. Белсенділікті өлшеу бірліктері.	ОН1	1	шолу	кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ: Ферменттердің құрылысы мен эсер ету механизмдері. Ферменттік реакциялардың кинетикасы.	Ферменттер. Ферменттік және ферменттік емес катализаторлардың ұқсастығы мен айырмашылығы. Ферменттердің құрылыстық және функционалдық ұйымдастыруы. Апофермент, кофактор. Мультиферменттік комплекс. Ферменттердің активтілігінің бірліктері мен анықтау әдістері. Ферменттердің эсер ету механизмі. Ферменттік реакциялардың	ОН1	2	семинар, жағдайлық есептер	Чек парак

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы		46- ...
Силлабус		34 беттің 5 беті

		кинетикасы. Ферменттердің талғампаздығы. Фишер және Кошленд гипотезасы.				
	ОБӨЖ: 1.Коферменттердің құрылысы мен биологиялық функциясы. 2. Суда еритін витаминдер және олардың биологиялық рөлі.	Коферменттердің құрылысы мен биологиялық функциясы. Изоферменттер. Мүше талғамды ферменттер. Суда еритін витаминдер: B1, B2, B6, B12, PP, C, биотин, пантотен қышқылы, фоли қышқылы. Тақырып бойынша эссе жазу: https://youtu.be/AF_La50sTiI Суда еритін витаминдер	ОН4	6	презентация, эссе, коферменттердің химиялық құрылымын жазу	Презентацияның сапалы дайындау мен қорғау деңгейін, эссе жазуын және коферменттің формулаларын жазуын бағалау
3.	Дәріс: Зат алмасуға кіріспе. Тағамдану биохимиясы. Биологиялық мембрананың құрылысы мен функциясы.	Зат алмасуға кіріспе. Катаболизмнің жалпы және арнайы жолдары. Зат алмасу және тағамдану. Жасушалық мембрана құрылысы мен қызметі. Биомембраналар арқылы заттардың тасымалдануы.	ОН1	1	шолу	кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ: Ферменттердің жіктелуі мен жүйелілігі. Зертханалық практикум	Ферменттердің жіктелуі және аталуы. Оксидоредуктаза класы, биологиялық рөлі, негізгі өкілдерінің сипаттамасы (аэробты дегидрогеназа, анаэробты дегидрогеназа, монооксигеназа, цитохромдар, каталаза және т.б). Трансферазалар, гидролазалар, лиазалар, изомеразалар, лигазалар класының ферменттері, биологиялық рөлі, негізгі өкілдерінің сипаттамасы. Фермент кофакторы. Коферменттер, жіктелуі, биологиялық рөлі, құрылысы. Ферменттердің активтілігінің реттелуі. Фермент ингибиторлары. Изоферменттер. Энзимопатиялар Зертханалық жұмыс «Қан сарысуында жалпы Ақуыздың мөлшерін анықтау»	ОН2 ОН3	3	семинар, жағдайлық есептер зертханалық жұмыс	Чек парақ
	ОБӨЖ: Медицинадағы ферменттер. Изоферменттер.	Медицинадағы ферменттер. Изоферменттер. Тұқым қуалаушы энзимопатиялар. Тақырып бойынша эссе жазу: https://youtu.be/xe5nPLpC5b8	ОН4	5	презентация, ғылыми мақалаға сараптама, глоссарий	презентацияның сапасы мен презентацияның қорғау

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы		46- ...
Силлабус		34 беттің 6 беті

	Тұқым қуалаушы энзимопатиялар.	Ферменттер				деңгейін бағалау, ғылыми мақаланы талдай білу және белгілі ғылыми түсініктерді қалыптастыру түсінігін бағалау
4.	Дәріс: Биоэнергетика.	Жасушалық биоэнергетика және метаболизм. Жасушадағы энергия тасымалдануының механизмдері. Энергетикалық алмасуы: Катаболизмнің жалпы жолдары, тотығып декарбоксилдену	ОН1	1	шолу	кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ: Биологиялық мембраналардың құрылысы мен функциялары. Тағамдану биохимиясы. Витаминдер.	Биологиялық мембрананың құрамы, молекулалық құрылысы және қызметі. Мембраналардың ассиметриясы, сұйықтықтығы және өз өзін жинауы. Мембрана липидтерінің қозғалысы. Заттарды трансмембраналық тасымалдау және оның кинетикасы. Тиімді тамақтанудың биохимиялық негіздері. Ас қорыту биохимиясы. Асқазан сөлінің құрамы. Витаминдердің аталуы және жіктелуі. Майда еритін витаминдердің биологиялық функциясы және құрылысы, тағамдық көздері. Суда еритін витаминдердің биологиялық функциясы және құрылысы, тағамдық көздері.	ОН1 ОН4	2	семинар, жағдайлық есептер	Чек парак
	ОБӨЖ: 1. Адам тағамының органикалық және минералды компоненттерінің биологиялық маңызы 3. Витаминнің жетіспеушілігі. 3.	Адам тағамының органикалық және минералды компоненттерінің биологиялық маңызы. Витаминнің жетіспеушілігі. Гипо-, гипер- және авитаминоздар. Суда еритін витаминдердің коферменттік функциялары. Тағамда және суда жетіспейтін микроэлементтермен байланысты болатын регионарлық патологиялар. Микроэлементоздар. Эссе жазуға арналған тақырыптар: https://youtu.be/dFTxNLOEItw Майда	ОН4	6	презентация, эссе, глоссарий	Презентацияны сапалы рәсімдеу мен қорғау деңгейін және эссе жазуын бағалау

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы		46- ...
Силлабус		34 беттің 7 беті

	Микроэлементоздар.	ерітін витаминдер Вит А https://youtu.be/LKkgKFGGUH1 Вит Д https://youtu.be/f-PNhB9nvxQ Вит Е				
5.	Дәріс: Көмірсулардың алмасуы.	Тағам көмірсуларының қорытылуы. Глюкозаның аэробты және анаэробты ыдырауы.	ОН1	1	шолу	кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ: Зат және энергия алмасуы.	Зат алмасуы мен энергия алмасуы туралы түсінік. Негізгі тағамдық заттардың ауыстырылмайтын компоненттері. Негізгі тағамдық заттардың катаболизмі (ақуыздардың, майлардың, көмірсулардың). Макроэргиялық қосылыстар (АТФ рөлі). Пируваттың тотығып декарбоксилденуі. Пируватдегидрогеназды комплекс құрылысы. Үш карбон қышқылдары айналымы, негізгі міндеттері. Кребс айналымының сутегірегенирлеуші реакциялары. Субстратты фосфорлану. Митохондрия ішілік трансгидрогеназа ферментінің рөлі. Электрон тасымалдаушы митохондриялық тізбектегі ферменттердің құрылысы мен қасиеті.Тотыға фосфорлану. Тыныс алу мен фосфорланудың қосарлануы. Митчелл теориясы. Фосфорсыз тотығу және оның маңызы. Фосфорлану, тыныс алу және дегидрогеназа ферменттерінің ингибиторлары. Тыныс алу мен фосфорланудың ажыратқыштары.	ОН1	2	семинар, жағдайлық есептер	Чек парак
	ОБӨЖ: Биоэнергетика.	Пируваттың тотығып декарбоксилденуі. Пируватдегидрогеназды комплекс құрылысы. Үш карбон қышқылдары айналымы, негізгі міндеттері. Кребс айналымының сутегірегенирлеуші реакциялары. Субстратты фосфорлану. Тотығып фосфорланудың ажыратқыштары мен тежеушілері. Митохондрийден тыс НАДН2 тотығуы. Аэробты және анаэробты энергия түзілу жолдарының өзара	ОН4	6	Биохимиялық процесстердің реттілігін сауатты және дұрыс жазғанын бақылау, презентацияны жазу, презентация, глоссарий	Биохимиялық процесстердің реттілігін сауатты және дұрыс жазғанын бақылау, презентацияны сапалы рәсімдеу мен қорғау деңгейін

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы		46- ...
Силлабус		34 беттің 8 беті

		байланыстылығы.				бағалау
6.	Дәріс: Көмірсулардың алмасуы.	Көмірсу алмасуының негізгі жолдары. Көмірсу алмасуының реттелуі мен бұзылыстары.	ОН1	1	шолу	кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ: Көмірсулардың алмасуы.	Көмірсулар, жіктелуі, биологиялық рөлі. Көмірсулардың қорытылуы мен сіңірілуі. Бауырдың глюкостатикалық қызметі. Анаэробты гликолиз. Аэробты гликолиз, локализация, үрдістің кезектілігі, лактатдегидрогеназа изоферменттері. Глюконеогенез. Биологиялық маңызы. Кори айналымы, маңызы. Пентозофосфат айналым, маңызы.	ОН1 ОН2	3	семинар, шағын топпен жұмыс	Чек парак
	ОБӨЖ: Адам тіндерінің негізгі көмірсуларының құрылысы мен биологиялық рөлі.	Адам тіндерінің негізгі көмірсуларының құрылысы мен биологиялық рөлі. Гликолиздің және глюкозаның пентозафосфаттық жолмен ыдырауының өзара байланысы. Глюконеогенез және гликолиздің өзара байланысы. Гликогеннің биосинтезі, оның фосфоролиз және амилолиз жолдарымен ыдырауы.	ОН4	5	биохимиялық процесстердің реакцияларын жазу, презентация, глоссарий	Биохимиялық процесстердің реттілігін сауатты және дұрыс жазғанын бақылау, презентацияны сапалы рәсімдеу мен қорғау деңгейін бағалау
7.	Дәріс: Липидтердің алмасуы.	Адам тіндерінің липидтері. Тасымалдаушы липопротеиндердің құрамы мен құрылысы. Май қышқылдарының бета тотығуы.	ОН1	1	шолу	кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ: Гликогеннің алмасуы. Зертханалық практикум	Гликоген, биологиялық рөлі. Гликогенолиз, амилолиз және фосфоролиз. Гликогеннің ыдырауы және түзілу процесстерінің өзара қатынысы. Гликогеноздар мен агликогеноздар. Ағзада көмірсу алмасуының реттелуі. Көмірсу алмасуының бұзылуына әкелетін факторлар. Көмірсу алмасуының патологиялары (гипергликемия, гипогликемия). Қандағы глюкозаны анықтаудың диагностикалық маңызы. Зертханалық жұмыс: «Қан сарысуында глюкозаның	ОН2 ОН3	2	семинар, жағдайлық есептер, зертханалық жұмыс	Чек парак

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы		46- ...
Силлабус		34 беттің 9 беті

		мөлшерін анықтау».				
	ОБӨЖ: №1 аралық бақылау.	«Ақуыздардың құрылысы мен биологиялық қызметтері, жіктелуі», «Ферменттер», «Биологиялық мембраналардың құрылысы мен функциялары. Тағамдану биохимиясы. Витаминдер.» «Зат және энергия алмасу», «Көмірсу алмасуы»	ОН1 ОН4	6	Бақылау сұрақтары, тесттік тапсырмалар, жағдайлық есептер	Бақылау сұрақтарын, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді шешуін бақылау
8.	Дәріс: Липидтердің алмасуы.	Май қышқылдарының синтезі. Липидтердің ішектегі ресинтезі. Липидтер қорлануы мен мобилизациясының реттелуі.	ОН1	1	шолу	кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ: Липидтердің алмасуы: катаболизм	Липидтердің жіктелуі, химиялық құрылысы және биологиялық қызметтері. Асқорыту жолындағы липидтердің қорытылу механизмі, осы процеске қатысатын ферменттер. Өт қышқылдарының химиялық табиғаты және липидтердің қорытылуы мен сіңірілуіндегі рөлі. Хиломикрондардың, ТЖЛП, ТТЛП және ТӨТЛП метаболизмі. Жасуша ішілік липолиз. Глицериннің тотығуы. Май қышқылдарының тотығуы. Энергетикалық баланс.	ОН1 ОН2	2	семинар, жағдайлық есептер	Чек парақ
	ОБӨЖ: Стероидтардың алмасуы.	Стероидтардың алмасуы. Организмнен холестерин мен өт қышқылдарының бөлінуі. . Өт қышқылдары және олардың рөлі. Организмдегі холестериннің тасымалдануы. Организмнен холестерин мен оның метаболиттерінің шығарылуы. Кетон денелерінің алмасуы.	ОН4	6	биохимиялық процесстердің реакцияларын жазу, презентация, глоссарий	Биохимиялық процесстердің реттілігін сауатты және дұрыс жазғанын бақылау, презентацияны сапалы рәсімдеу мен қорғау деңгейін бағалау
9.	Дәріс: Амин қышқылдарының және Ақуыздардың алмасуы.	Ақуыздардың асқазан-ішек жолында қорытылуы. Ақуыздардың ішекте шіруі. Аминқышқылдары метаболизмінің жолдары. Жеке аминқышқылдар алмасуының ерекшеліктері.	ОН1	1	шолу	кері байланыс сұрақтары

	Тәжірибелік сабақ: Липидтер алмасуы: анаболизм Зертханалық практикум.	Фосфолипидтер мен фосфатид қышқылының биосинтезі. Қолдану жолдары. Май қышқылдарының биосинтезі. Триацилглицериндердің биосинтезі. Кетонды денелердің биосинтезі. Холестерин биосинтезі. Липид алмасуының патологиясы. (Гиперлипидемия, бауырдың майлануы, кетонемия және т/б.). Липид алмасуының реттелуі. Липидтердің компоненттерін дәрілік препараттар ретінде қолдану. Зертханалық жұмыс: «Қан сарысуында жалпы холестериннің мөлшерін анықтау»	ОН1 ОН2	3	семинар, жағдайлық есептер, зертханалық жұмыс	Чек парақ
	ОБӨЖ: Липидтер алмасуының патологиясы.	Гиперхолестеринемия және өт-тас ауруы дамуының механизмдері. Липидтердің алмасуының патологиясы. Атеросклероз биохимиясы. Атеросклерозды және гиперхолестеринемияны емдеудің биохимиялық негіздері. Семіру, бауырдың майлануы және т.б. Тақырып бойынша эссе жазу: https://youtu.be/20mD2n_eg_A ТАГ, ГФЛ, ХС синтезі. Липид алмасуының патологиясы	ОН4	5	презентация, эссе, глоссарий	презентацияны сапалы рәсімдеу мен қорғау деңгейін және эссе жазуын бағалау
10.	Дәріс: Нуклеотидтердің алмасуы. Көмірсулардың, майлардың және Ақуыздардың алмасуының өзара байланысы.	Пуринді нуклеотидтер метаболизмінің ерекшеліктері. Пиримидинді нуклеотидтер метаболизмінің ерекшеліктері. Нуклеотидтер мен аминқышқылдары дәрілік препараттар ретінде. Ақуыздар, липидтер және көмірсулар алмасуының өзара байланысы.	ОН1	1	шолу	кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ: Ақуыздар мен аминқышқылдарының алмасуы.	Ақуыздық тағамдану. Ақуыздардың биологиялық бағалығы. Азотты баланс. Ас қорыту жолындағы Ақуыздардың қорытылуы және сіңірілуі. Аминқышқылдарының катаболизмінің жалпы жолдары: трансаминдену, дезаминдену, декарбоксилдену. Биогенді аминдер. Биогенді аминдердің тотығуы және моноаминооксидазалар ингибиторлары.	ОН1 ОН2	2	семинар, жағдайлық есептер	Чек парақ
	ОБӨЖ:	Ұлпалардағы Ақуыздардың амин	ОН4	6	биохимиял	Биохимиялық

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы		46- ...
Силлабус		34 беттің 11 беті

	Ұлпалардағы Акуыздардың амин қышқылдарына дейін ыдырауы. Биогенді аминдер.	қышқылдарына дейін ыдырауы. Фенилаланин, тирозин, глицин, серин және пролин алмасуының ерекшеліктері. Аммиакты залалсыздандыру жолдары. Креатиннің, медиаторлардың, гистаминнің, γ-аминомай қышқылының (ГАМК) және катехоламиндердің амин қышқылдарынан түзілуі. Қабынудың және аллергиялық реакциялардың дамуындағы гистаминнің рөлі. Антигистаминдік препараттар. Биогендік аминдер. Биогенді аминдердің тотығуы (моноаминооксидазалар, диаминооксидазалар), MAO тежеушілері. Амин қышқылдарының дәрілік препараттар ретінде қолданылуы.			ық процесстердің реакцияларын жазу, презентация, глоссарий	процесстердің реттілігін сауатты және дұрыс жазғанын бақылау, презентациясын сапалы рәсімдеу мен қорғау деңгейін бағалау
11.	Дәріс: Гормондар биохимиясы.	Метаболизмнің нейро-гуморалді және өзін-өзі реттеу механизмдері. Метаболиттік процесстер субжасушалық механизмдері.	ОН1	1		кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ: Күрделі белоктар алмасуы. Зертханалық практикум.	Нуклеопротеидтердің қорытылуы мен сіңірілуі. Пуринді және пиримидинді негіздердің биосинтезі мен ыдырауы. Гиперурикемия. Подагра. Оратоцидурия. Гемоглобин синтезінің және ыдырауының негізгі сатылары. Акуыздар, көмірсулар және липидтер алмасуының өзара байланысы. Зертханалық жұмыс: «Қан сарысуындағы мочевианың концентрациясын анықтау».	ОН2 ОН3	2	семинар, жағдайлық есептер, зертханалық жұмыс	Чек парақ
	ОБӨЖ: Өт пигменттерінің алмасуының патологиясы.	Өт пигменттерінің алмасуының патологиясы. Гемоглобиннің қалыпты және патологиялық түрлері. Бауырда билирубиннің залалсыздандыруының жолдары. Тақырып бойынша эссе жазу: 1. https://youtu.be/xB537SJkdC4 Бауыр биохимиясы 2. https://youtu.be/iCHmMzoPxco Бауырдың құрылысы мен детоксикалық қызметі. 3. https://youtu.be/7pGjIoBTCMo	ОН4	6	презентация, эссе, глоссарий	Презентацияны сапалы рәсімдеу мен қорғау деңгейін және эссе жазуын бағалау

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы		46- ...
Силлабус		34 беттің 12 беті

		Эритроциттер метаболизмі. 4. https://youtu.be/IgynHkQ2_sk Гемоглобиннің алмасуы. Сары ауру түрлері.				
12.	Дәріс: Бауыр және бүйрек биохимиясы.	Бауырдың құрамы, құрылысы, қызметі және оның зат алмасудығы ролі. Бүйректің құрамы, құрылысы, қызметі және оның зат алмасудығы ролі. Бауырдағы бөгде заттар метаболизмі. Бүйректегі заттар алмасуының ерекшеліктері. Бүйрек құрылысы, несеп түзілу механизмі.	ОН1	1	шолу	кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ: Макроэлементтер мен микроэлементтер. Тұз – су алмасуы. Гормондар биохимиясы.	Макро- және микроэлементтердің биологиялық ролі. Тұз-су алмасуы, кезеңдері. Адам организміндегі судың ролі. Тұз-су алмасуына гормондардың әсері. Зат алмасуының нейро-эндокринді реттелуі. Гормондардың әсер ету механизмдері. Гипофиз және гипоталамус гормондары. Қалқанша және қалқанша маңы безінің гормондары, нысана жасушалар, гипо- және гиперқызметтері. Бүйрекүсті безінің миы қабаты гормондары, нысана жасушалары, гипо және гиперқызметтері. Тимус гормондары, нысана жасушалары, гипо және гиперқызметтері.	ОН1 ОН2	3	семинар, жағдайлық есептер	Чек парақ
	ОБӨЖ: Бауырдағы детоксикация механизмдері. Бауырдағы этанол метаболизмі.	Бауырдағы детоксикация механизмдері. Бауырлық химиялық канцерогенез. Бауырдағы этанол метаболизмі. Тақырып бойынша эссе: https://youtu.be/xB537SJkdC4 Бауыр биохимиясы	ОН4	5	презентация, эссе, глоссарий	Презентацияны сапалы рәсімдеу мен қорғау деңгейін және эссе жазуын бағалау
13.	Дәріс: Қан биохимиясы.	Қан биохимиясы. Қанның физика-химиялық құрамы. Қанның химиялық құрамы, биохимиялық құрамы. Фибринолиз. Қан ұю биохимиясы. Қан ұюына қарсы жүйелер.	ОН1	1	шолу	кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ: Қан биохимиясы. Зертханалық практикум	Қанның химиялық құрамы. Қан сарысуының ферменттері. Индикаторлық ферменттердің маңызы. Қан сарысуының Ақуыздары. Қалыпты, гипо-, гипер-, пара-, диспротеинемия. Қан сарысуының	ОН1 ОН2	2	семинар, жағдайлық есептер, зертханалық жұмыс	Чек парақ

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы		46- ...
Силлабус		34 беттің 13 беті

		жеке Ақуыздары, өткір жүйесінің Ақуыздары, комплементарлық жүйесі. Қанның Ақуызсыз азотты заттары. Азотемия. Қанның биохимиялық көрсеткіштерін анықтаудың диагностикалық маңызы. Эритроциттер мен лейкоциттердегі метаболизм ерекшеліктері. Қан ұю биохимиясы. Гемостаз реттелуі. Зертханалық жұмыс: «Қан сары суындағы темірді сандық анықтау»				
	ОБӨЖ: Функционалдық биохимия.	Көмірсулар, липидтер және амин қышқылдары метаболизмінің гормондық реттелуі. Фосфат-кальций алмасуының гормондық реттелуі. Сутұз алмасуы. Қан ұюының биохимиясы. Гомеостаздың реттелуі. Организмдегі темірдің алмасуы. Бұлшық ет биохимиясы. Жүйке ұлпасының биохимиясы. Жүйке тінінің жасушалары алмасуының ерекшеліктері. Табиғи және бөгде заттардың тотығуының монооксигеназды тізбегі. Липидтердің пероксидтық тотығуы. Тақырып бойынша эссе жазу: 1. https://youtu.be/NZPOwkc9VsM Қан биохимиясы 2. https://youtu.be/1r4gts9F9rA Қан плазмасының биохимиясы.	ОН4	6	презентация, эссе, глоссарий	Презентацияны сапалы рәсімдеу мен қорғау деңгейін және эссе жазуын бағалау
14.	Дәріс: Ұлпалар мен мүшелер биохимиясы.	Дәнекер, бұлшықет, сүйек, тіс және жүйке жүйесінің биохимиясы.	ОН1	1		кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ: Бауыр және бүйрек биохимиясы. Дәнекер тінінің биохимиясы.	Бауырдың құрылысы, қызметтері, зат алмасудағы рөлі. Бауырдағы бөгде заттар метаболизмі. Бүйрек ұлпаларындағы метаболизм ерекшеліктері. Бүйректің құрылысы, зәрдің түзілу механизмі. Несептің қалыпты жағдайдағы химиялық құрамы, физика-химиялық қасиеттері. Несептік патологиялық құрамы, пайда болуы, диагностика үшін маңызы. Диурезге вазопрессин мен альдостеронның әсер ету	ОН1	2	семинар, жағдайлық есептер	Чек парақ

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы		46- ...
Силлабус		34 беттің 14 беті

		механизмдері. Дәнекер тінінің құрылым ерекшеліктері, қызметтері. Дәнекер тінінің органикалық және бейорганикалық құрамы. Жасуша аралық матрикстің биохимиясы. Коллаген. Эластин. Құрамы, синтезі, құрылымдары. Дәнекер тінінің гликозамингликандары мен протеогликандары. Дәнекер тіндерінің қарттық және коллагеноздар кезіндегі өзгерістері. Дәнекер тінінің метаболизміне әсер етуші факторлар.				
	ОБӨЖ: Химиялық канцерогенездің негіздері. Фармацевтикалық биохимияның медицинадағы рөлі.	Химиялық канцерогенездің негіздері. Биотрансформация өнімдерін анықтаудағы ксенобиотиктер метаболизмін және дәрілер айналуындағы қатысатын ферменттердің активтілігін зерттеу әдістері. Фармацевтикалық биохимияның медицинадағы рөлі. Тақырып бойынша эссе жазу: https://youtu.be/hvr-ejPqjQg Химиялық канцерогенез https://youtu.be/1130bdfC904 Фармацевтикалық биохимия	ОН4	6	Презентация, ғылыми мақалаға сараптама, глоссарий	Презентацияны сапалы рәсімдеу мен қорғау және ғылыми мақалаға сараптама жүргізу деңгейін бағалау
15.	Дәріс: Клиникалық биохимияға кіріспе. Фармацевтикалық биохимия.	Клиникалық биохимияға кіріспе. Фармацевтикалық биохимия.	ОН1	1		кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ: Клиникалық биохимияға кіріспе.	Клиникалық биохимияға кіріспе. Клиника-биохимиялық зерттеулер үшін материалдар. Клиникада анықталатын биохимиялық параметрлердің негізгі топтары. Фармацевтикалық биохимияның міндеттері. Организмдегі дәрілік препараттардың метаболизмі. Дәрілер сапасын бақылау стандартизациясында қолданылатын биохимиялық әдістер. Ферменттер-аналитикалық реагенттер ретінде. Дәрілік препараттардың биотехнологиясы. Дәрілік түрлер технологиясының биохимиялық негіздері.	ОН1	3	семинар, жағдайлық есептер	Чек парақ

QYNTYSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы		46- ...
Силлабус		34 беттің 15 беті

ОБӨЖ: №2 аралық бақылау.	«Липидтер алмасуы», «Ақуыздар және аминқышқылдары алмасуы», «Гормондар биохимиясы», «Тіндер мен мүшелер биохимиясы», «Клиникалық және фармацевтикалық биохимия»	ОН3 ОН4	5	Бақылау сұрақтары, тест тапсырмалары, жағдайлық есептер	Бақылау сұрақтарын, тест тапсырмаларын және жағдайлық есептерді шешуін бақылау
Аралық аттестаттауға дайындық және жүргізу:			15с		
Пәннің жалпы сағат саны:			150с		

9.	Оқыту және сабақ беру әдістері	
9.1	Дәріс	Шолу.
9.2	Тәжірибелік сабақ	Зертханада тәжірибелік жұмыстарды орындау, шағын топтарда жұмыс, жағдайлық есептерді шешу, тестілеу, ауызша және жазбаша жауап.
9.3	БӨЖ/ОБӨЖ	Презентация, тақырып бойынша глоссарий, биохимиялық процесстердің реакцияларын жазу, тақырып бойынша эссе жазу
9.4	Аралық бақылау	Аралық бақылау ауызша сұрау, жазбаша бақылау, тестілеу, жағдайлық есептерді шешу түрлерінде жүргізіледі.

10.1 Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

ОН №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
ОН1	Биоорганикалық қосылыстардың негізгі кластары: көмірсулар, липидтер, қарапайым және күрделі ақуыздар, витаминдер және т.б өкілдерінің құрылымы, қызметі және қасиеттері туралы білімдерін көрсетеді. Метаболизм	1. Биоорганикалық қосылыстардың негізгі кластары: көмірсулар, липидтер, қарапайым және күрделі ақуыздар, витаминдер және т.б өкілдерінің құрылымы, қызметі және қасиеттері туралы білімі жоқ; 2. Метаболизм	1. Биоорганикалық қосылыстардың негізгі кластары: көмірсулар, липидтер, қарапайым және күрделі ақуыздар, витаминдер және т.б өкілдерінің құрылымы, қызметі және қасиеттері туралы білімі	1.Организмде жүретін биохимиялық үрдістерді сипаттау үшін биоорганикалық қосылыстардың негізгі кластарының құрылысы туралы білімді қолдана алады. 2.Биохимиялық үрдістерді катализдейтін ферменттерін көрсете отырып биохимиялық	1.Организмде жүретін биохимиялық үрдістерді сипаттау кезінде биоорганикалық қосылыстардың негізгі кластарының құрылысы туралы білімді өте жақсы көрсете алады. Осы тақырыпты талдайды

